



ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 ҚАДАМ БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

**Бүгін біз
Мемлекет басшысы
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бес институттық
реформасын жүзеге
асыруға бағытталған
100 нақты қадамды
жариялап отырмыз**

2-5 беттер.



● ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ ИГІЛІГІ

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Кеше облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев қаладағы өндірістік аймақта ірге көтеретін шыны зауытының орнында болып, осындағы жұмыстарымен танысты.

«Қызылорда өлкемізде шыны зауыты салынады» дегенімізге де 10 жылдан аса уақыт өтті. Алайда қазір инновациялық технологиясыз өрге басу жоқ. Ал осыған дейін талап білдірген шетелдік инвесторлардың технологиясы жарамсыз болып шығыпты. Сондықтан да зауыт құрылысы тоқтап қалған еді. Енді міне Сыр өңіріне заманауи озық технологияны менгерген америкалық инвестор келіп отыр.

Бірнеше жылдан бері инфрақұрылымдары жасақталып жатқан қала іргесіндегі өндірістік аймақта кеше шыны зауытының елімізде дайын өнімін қабылдайтын қойманың іргетасын қалау жұмыстары басталды. Облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреевтің айтуынша, еліміздің Индустриаландыру картасы аясында аймақта 18 жоба іске асырылып жатыр. Оның ішінде республикалық картаға енген құны 52,1 млрд теңге құрайтын ірі жоба осы шыны зауыты құрылысы. «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасының инвесторы болып америкалық «STEWART инжинеринг» атты компаниясы танылды. Осылайша, олар «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-мен бірге өндірістік ірі индустриалдық жобаны жүзеге асыратын болды.

Ал бас мердігер – «Шымкентхиммонтаж» ЖШС. Күрделі құрылыс салуда төңіребесі мол компанияның құрылғанына жарты ғасырдан асқан. Шымкентте фосфор, қорғасын зауыттары, Жанақорған ауданында күкірт қышқылы зауытын қолданысқа берген осы серіктестік. Нысанның құрылыс бөлімінің басшысы Әділбай Бадамбаевтың айтуынша, өндірістік аумақта өткен сәуір айынан бері алаңды қоршау және жерді дайындау жұмыстары жүргізілген. Бүгін дайын өнім сақтайтын қойманың іргетасы мен



бетон жасау қондырғысының іргетасын құю жұмыстары басталды. Бұған қоса алаңға 500 орындық вахталық қалашық орналастырылуда.

Зауыт құрылысы 2017 жылы аяқталады. Жобаның алғашқы кезеңінде 300 адам жұмыспен қамтылып, кәсіпорын құрылысқа арналған шыны табақшасын шығарып, республиканың сұранысын толық өтейді. Тіпті өнімнің 30 пайызын сыртқа шығара аламыз. Нақты кезеңде еліміздегі құрылыс компаниялары аталған тауарды Ресей мен Қытай мемлекеттерінен сатып алуда. Кәсіпорын толық қуаттылыққа көшкен кезде өнімнің бірнеше түрін, атап айтқанда, табақша шыны, энергия үнемдегіш әйнек, айна, ламинатталған әйнек, шыңдалған және оқшауланған әйнектер шығарады. Шыны өндірісіне қажетті негізгі шикізат – жергілікті кварц құмының қоры өзімізде бар. Жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Арал ауданындағы Сарышоқы, Қосжар және Жантөле кеніштерінде осы шикізаттың 50 млн тоннасы бары анықталған, ол бір ғасырдан астам уақытқа молынан жетеді екен. Соңғы жүргізілген химиялық сараптаулар біздің кварц

құмының 98,5 пайызы кремний тотығынан тұратынын айқындаған. Бұл оның сапасының өте жоғары екендігін айғақтайды. Құрылысқа арналған шынының 60 пайызы осы кварц құмынан тұрады. Жоғары сапалы әйнек өндіру үшін бұдан өзге оған доломит, әк және түрлі химиялық қоспалар мен кальцийленген сода қосылады. Әзірше соңғысын ғана сырттан сатып аламыз. Ал алдағы жылы «Аралтұз» АҚ осы өндірісті қолға алып, кальцийленген сода шығаратын зауыт салғалы отыр.

Облыста өңдеу өнеркәсібінің баю дамуы осыған дейін шешімін таппаған басты мәселенің бірі еді. Шикізаттарға бай аймақта отырып өңдеуші кәсіпорының болмауы көпшілікті де қынжылтып келгені рас. Бір жыл бұрын шыны зауыты Үкімет шешімімен Ақтөбе облысына салынатын болған. Осы тұста аймақ басшысының табандылығы арқасында зауыт өзімізде салынатын болды. Осылайша шыны зауыты облыс орталығында ел тәуелсіздігін алғалы салынып тұрған тұңғыш ірі өндіріс ошағына айналмақ.

Дауіржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

СЫР ЕЛІ БАТЫР ҰЛЫН ЕСКЕ АЛДЫ

18 мамыр – танымал әнші, қазақ өнерінің қайталанбас тұлғасы Батырхан Шөкеновтің туған күні. Осыған орай, әншінің жерлестері Орталық алаңға жиналып, еске алу кешін ұйымдастырды. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен әншінің анасы мен бауырлары, өнердегі және өмірдегі достары қатысып, түрлі естеліктер айтты.

– Батырханды үлкен де, кіші де қадір тұтты, жас та, жасамыс та әндерін жатқа айтты. Ол елден жырақта жүрсе де әрқашан өз Отанының патриоты болды. Сондықтан соңында өшпес із қалдырған Батырхан Шөкеновті халқы еш ұмыт қалдырған жоқ. Оның есімі қазақ өнерінің тарихында алтын әріптермен мәңгі жазылып қала бермек, – деді аймақ басшысы Қ.Көшербаев.

Еске алу кешінде Батырханның әндері шыркылып, оның өмірі мен өнеріне арналған «Сағым дүние» деректі фильмі көрерменге ұсынылды. Сондай-ақ, әншінің өмірінің соңғы уақытында қатысқан Ресей телеарнасындағы «Один



в один» жобасынан үзінділер де көрсетілді. Кеш соңында алаңға жиналған көпшілік көкке шар ұшырды. Осылайша, Сыр жұртшылығы талантты әншінің өнері

халқымен мәңгі жасайтындығын білдірді.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ТҮЛЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАПЕРДЕ БОЛАДЫ

Санаулы күндерден кейін оқу жылы аяқталады. Соңғы қоңырау сыңғыры тағы естіледі. Соңғы жылдары мектеп бітірушілер арасында сауық кеші мен автошеру ұйымдастыру әдетке айналады. Мектеп бітіру кешін мейрамханада дүркіретіп атап өту көз үйренген құбылысқа айналды. Оған ата-аналар тарапынан қомақты қаражат жиналатыны да жасырын емес. Баласы үшін олар да барын аямайсыз анық. Тиісті сала мамандары мектеп бітіру кешіндегі думандар мен шерулерде шектен шыққандар кездесетінін айтып отыр. Жұырда өткен мәжілісте аймақ басшысы мектеп бітіру кешінде артық данғаз мен түлектер автошеруін болдырмауға тапсырма берді. Осы ретте аталған мәселеге орай облыстық ішкі істер департаментінің әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полковник Алтынбек Ахметовпен әңгімелескен болатынбыз.

– Алтынбек Меңдібайұлы, өзіңіз білетіндей, ала түлектердің сыналар сәті жақындап қалды. Осыған сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтау, болдырмау және алдын алу мақсатында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы бұйрығына сай еліміз бойынша мектеп бітіруші түлектердің қауіпсіздік

жағдайын қатаң бақылауға тапсырма берілген. Қазіргі таңда біздің тарапымыздан облыстық білім басқармасы, өңірдегі мектеп ошақтары мен ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіліп жатыр. Кездесулер ұйымдастырылып, ата-аналарға бала қауіпсіздігі жайында кенінен айтылуда. Осы орайда облыстық ішкі істер департаментінің

нұсқаулығына сәйкес барлық мектептерге арнайы қызметкерлер бекітілген. Түлектердің автошеруі кезінде жүргізуші куәлігі жоқ кемелет жасына толмағандардың көлік басқаруы көп кездеседі. Ондай жағдайда баланың ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Жасөспірім көлікті тізгіндегеннен кейін жылдамдықты арттырып, оқыс оқиғаға ұрынуы мүмкін. Біз баланы тоқтатып, хаттама толтырып, көлігін айып тұрағына қойып, тиісті әкімшілік шара қолданып, сын-ескертпе айтқанымен, алдын алу жұмысына ата-ана жауапты болуы керек. Біз 25 мамыр – Соңғы қоңырау күні күшейтілген іс-шараларға көшетін боламыз. Бұл орайда аймақ басшысының мектеп бітірушілердің автошеруіне тыйым салу туралы тапсырмасын негізге аламыз.

● КӨКТЕМГІ ҚАРЕКЕТ

ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ЖҰМЫС ҚАРҚЫН АЛА ТҮСТІ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша қазір облыс бойынша 18,2 мың гектар жаңа жонышқа, 5 мың гектар мақсары, 107 гектар жаздық арпа, 1,4 мың гектар жаздық бидай және 27 гектар суды дақылдары егілді.

Сонымен қатар биылғы жылдың егісіне қажетті 51,7 мың тонна минералдық тыңайтқыштардың бүгінгі күнге 39,3 мың тоннасы немесе 75,9 пайызы дайындалды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қолында бар ауыл шаруашылығы техникалары толықтай

дала жұмыстарына қатысуда. Жанар-жағармай қоры жеткілікті.


Бүгінгі күнге облыс бойынша 1420 гектар картоп, 766,5 гектар көкөніс, 1503,3 гектар бақша, 46,5 гектар дәндік жүгері, 200 гектар сүрлемдік жүгері дақылдары егілді.

Облыста негізгі дақыл – күріш егу жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі күні 59,9 мың гектарға тұқым себіліп, 48,6 мың гектарға суға бастырылды. Сөйтіп дала төсіндегі диқандардың көктемгі жұмыстары қазіргі уақытта қарқын ала түсті.

Айгали ҚАРАБАЛАЕВ.



100 НАҚТЫ ҚАДАМ



«100 нақты қадам» – бұл **ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП** және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда **ҰЛТТЫҢ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ОТЫЗДЫҒЫНА КІРУІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ**.

«100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен **ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУҒА, ЖОЛДАН АДАСПАУҒА, КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН СЕНІМДІ ӨТУГЕ** жағдай туғызатын **БЕРІКТІК ҚОРЫН** жасап беретін болады.

Жоспардың негізгі мақсаты **«АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ»** болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.

I. КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУ

1-қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН ЖАҢҒЫРТУ. Мемлекеттік қызметке қабылдау **ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМДАРДАН** басталуы тиіс.



2-қадам.

Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу **ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР** негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3-қадам.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ есебінен мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушыларды **ІРІКТЕУ РЕСІМІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ**. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу.

4-қадам.

3+3 ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ СЫНАҚ МЕРЗІМІ** (тисінше үш айдан кейін және алты айдан кейін сәйкестілікті межелік бақылау).

5-қадам.

Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты **ӨСІРУ**.

6-қадам.

ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШУ. Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарларды орындау; министрлер және әкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.



7-қадам.

Мемлекеттік қызметкерлердің **ЛАУАЗЫМДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫЛАРЫНА ӨҢІРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН** қосу

8-қадам.

Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БЕРУ**.



9-қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

10-қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАНСАПТЫҚ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗГЕ КӨШУ. «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту.

11-қадам.

ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ, ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДАРЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу. Оларды тағайындау ерекше талаптар және лауазымдардың жеке кестесі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл қадам мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етеді.

12-қадам.

ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ. Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау. Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу.



13-қадам.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру.

14-қадам.

Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ** қабылдау.

15-қадам.

Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін **ІС БАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН** өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.



II. ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

16-қадам.

АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН СОТ ЖҮЙЕСІ ИНСТАНЦИЯЛАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ. БЕС САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІНЕН (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) **ҮШ САТЫЛЫ** (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу.

17-қадам.

Судья лауазымына **КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ ТЕТІКТЕРІН КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫН ҚАТАЙТУ**. Міндетті түрдегі талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу. Судьялыққа үміткерлер **СОТТАРДА** стипендия төленетін **БІР ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН** өтеді. Бір жылдық тағылымдамадан кейін судья **БІР ЖЫЛДЫҚ СЫНАҚ МЕРЗІМІНЕН** өтеді.

18-қадам.

Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін **СОТ ТӨРЕЛІГІ ИНСТИТУТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНАН** бөлінуі керек. Аталмыш институт Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады.

19-қадам.

СУДЬЯЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ. СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы **СОТ АЛҚАСЫНА** шағымдана алатын болуы керек.

20-қадам.

БАРЛЫҚ СОТ ПРОЦЕСТЕРІНЕ БЕЙНЕ ЖӘНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ ШАРАЛАРЫН міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс.

21-қадам.

Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде **АЛҚА БИЛЕР СОТЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСТЫРЫЛАТЫН** қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.

22-қадам.

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫН ШЕКТЕЙТІН БАРЛЫҚ ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТІ тергеу судьясына біртіндеп беруді **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** АРҚЫЛЫ **СОТТА АЙЫПТАЛУШЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**.

23-қадам.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАР БОЙЫНША жеке **СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ** құру. Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**.

24-қадам.

Дубай тәжірибесі бойынша Астана қаласында **AIFC ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҚ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ**.

25-қадам.

Шетелдік және халықаралық соттардың **ҮЗДІК СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖОҒАРҒЫ СОТ ЖАНЫНАН БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК СУДЬЯЛАР МЕН ЗАҢГЕРЛЕР** қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Жоғарғы Сотқа кеңес беріп отырады.

26-қадам.

Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға **ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫН** қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу.

27-қадам.

Жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту. **СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚАRTY.**

28-қадам.

Полиция қызметкерлерін **ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY.** Кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін және қызметкерлікке кандидаттарды тестілеудің арнайы жүйесін енгізу.

29-қадам.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСУ. Әрбір құқық қорғау қызметінің ведомстволық ерекшеліктеріне сәйкес бірыңғай қызмет ету ережесін енгізу.

30-қадам.

Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін **ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН** құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен тезбеушілік. Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінің барлығын жазып отыратын бейне-тіркегіштермен қамтамасыз етіледі.

31-қадам.

Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне **ШАҒЫМДАНҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ** АРҚЫЛЫ полицияның ашықтығын қамтамасыз ету. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІМЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ.**

32-қадам.

«Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде **«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ»** интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл **ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.**



33-қадам.

Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыптастыру. Осындай азаматтар үшін **АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН** жасау.

34-қадам.

МЕМЛЕКЕТ-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІГІН ДАМУ ТУРАЛЫ ШЕҢБЕРІНДЕ пенитенциярлық инфрақұрылымды жаңғырту. Пенитенциярлық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екішеу және халықаралық тәжірибені зерттеу.

БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ



35-қадам. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу. **ЖЕР КОДЕКСІНЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЗАҢ АКТІЛЕРІНЕ** өзгерістер енгізу.

36-қадам. **ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ТҮРІН ӨЗГЕРТУГЕ РҰҚСАТ АЛУ** ресімдерін жеңілдету. Ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒА БЕРУ.**



37-қадам. Салық және кеден саясатын және ресімдерін оңтайландыру. **ТН СЭҚ** 6 белгісіндегі біркелкі тауарлар тобы шеңберінде «0-5-12» моделі бойынша Бірыңғай кеден тарифі кедендік мөлшерлемесін қысқарту.

38-қадам. Экспорттық және импорттық кеден рәсімдерінен өту кезінде **«БІР ТЕРЕЗЕ»** қағидатын енгізу. Электронды жария өту жүйесін дамыту (тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу). Экспорт және импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқарту.



39-қадам. **КЕДЕН ЖӘНЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ.** Тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады.

40-қадам. **«ПОСТФАКТУМ» КЕДЕНДІК ТАЗАЛАУ РЕЖІМІН ЕНГІЗУ.** Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы жекелеген санаттарға тауарларын жария өткенше тауарларын шығаруға мүмкіндік беру.

41-қадам. **МҮЛІКТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫНЫ ЗАҢДАСТЫРУ РЕСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ.** Қолданыстағы заңға өзгертулер және толықтырулар енгізу.

42-қадам. 2017 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік қызметкерлер үшін, одан әрі барлық азаматтар үшін **КІРІСТІ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫ ЖАЛПЫ ЖАРИЯЛАУДЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ЕНГІЗУ.**



43-қадам. **САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУДІҢ ОРТАЛЫҚ ЖЕЛІСІН ҚҰРУ.** Орталық салық төлеушілердің электронды құжаттарының бірыңғай мұрағатына кіру мүмкіндігіне ие болады. **ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ** жүйесін енгізу. Декларанттар салықты бақылау бойынша шешім қабылдау үшін тәуекел санаттарына бөлінетін болады. Жариялауды бірінші рет тапсырған жеке тұлғалар үш жыл мерзімде қайта тексерістен өтпейтін болады.



44-қадам. **ЖАНАМА САЛЫҚ САЛУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.** Қосымша құн салығының орнына сатудан салық алуды енгізу мәселесін жан-жақты зерттеу.

45-қадам. Кіріске және шығысқа салық есебін міндетті түрде енгізу арқылы **ҚОЛДАНЫСТАҒЫ САЛЫҚ РЕЖІМІН ОҢАЙЛАНДЫРУ.**

46-қадам. Рұқсат алуды оңтайландыру. **ҚҰРЫЛЫСҚА РҰҚСАТ АЛУДЫҢ ҮШ САТЫЛЫ** («30-20-10») қағидаты енгізіледі. Бірінші саты – архитектуралық жобалау тапсырмасын беру өтініш берілген күннен кейін 30 күн ішінде жүзеге асырылады. Екінші – эскиз жобаны (дизайн-жобаны) мақұлдау – 20 күнге дейін, үшінші – рұқсаттың өзі – 10 күн ішінде.



47-қадам. Жобалау-сметалық және жобалау құжаттарын сараптамадан өткізуге байланысты **МЕМЛЕКЕТТІК МОНОПОЛИЯДАН БІРТІНДЕП БАС ТARTY.** Жобаларды сараптауды бәсекелесті ортаға тапсыру.

48-қадам. **ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫН АНЫҚТАУДЫҢ РЕСУРСТЫҚ ӘДІСІН ЕНГІЗУ.** Құрылыста баға қалыптастырудың жаңа әдісін енгізу материалдардың, бұйымдардың, жабдықтардың және еңбекақының қолданыстағы бағаға сәйкес нақты нарықтық бағасына байланысты құрылыстың сметалық құнын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа материалдармен, жабдықтармен және технологиямен сметалық-нормативтік базаны жедел жаңартуды қамтамасыз етеді.

49-қадам. Кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан **ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕСКІРГЕН НОРМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОРНЫНА ЕУРОКОДТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ.** Жаңа нормативтерді қабылдау инновациялық технологиялар мен материалдарды қолдануға, құрылыс қызметі нарығындағы қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен бірге құрылыс саласындағы шетелдік қызмет нарығына қазақстандық компаниялардың шығуына мүмкіндік береді.

50-қадам. **ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН ҚАЙТАДАН ҚҰРУ, «БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУШЫ» МОДЕЛІН ЕНГІЗУ.** Бұл өңірлер арасындағы электр энергиясының өртүрлі тарифтерін реттеуге мүмкіндік береді.

51-қадам. **ӨҢІРЛІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ (ӨЭК) ІРІЛЕНДІРУ.** Бұл энергиямен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырады, өңірлерге электр энергиясын таратудың шығынын төмендетеді, тұтынушылар үшін электр энергиясының ақысын азайтады.



52-қадам. **ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ СЕКТОРЫНДА САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯ TARTYДЫ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ЖАҢА ТАРИФ САЯСАТЫН ЕНГІЗУ.** Тариф құрылымын өзгерту. Тарифтерде 2 құрауыш ерекшеленеді: күрделі шығындарды қаржыландыру және электр энергиясы өндірісінің ауыспалы шығындарын жабу үшін пайдаланылатын электр энергиясы үшін төленетін ақы белгіленетін болады. Бұл «шығынды өтеу» әдісі бойынша тарифтерді бекітетін басіргі ахуалды өзгертуге мүмкіндік береді.

53-қадам. **ЗЫДҰ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТЕНДІРУ МАҚСАТТАРЫНДА МОНОПОЛИЯМЕН ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ӨЗГЕРТУ.** Қызметті жаңғырту еркін бәсекелесті дамытуға бағытталуға тиіс.



54-қадам. **КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҮШІН БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ.** Жаңа институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

55-қадам. **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ТАУАРЛАРЫ ҮШІН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ЕҢ КЕМІНДЕ 10 ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫ TARTY.** Халықаралық экономикалық нысандардың жаңа мүмкіндіктері туралы халықаралық бизнесті ақпараттандыру.



56-қадам. Экономиканың басым секторларында «зәкірлік инвесторлармен» – халықаралық стратегиялық серіктестермен («Эйр Астана», «Теңіз-Шевройл», ҚТЖ локомотивтерін шығару жөніндегі зауыт үлгісі бойынша) **БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР** құру. Шетелдерден жоғары білікті мамандар тарту үшін **АҚШ, КАНАДА, АВСТРАЛИЯ ҮЛГІСІ БОЙЫНША ҚОЛАЙЛЫ КӨШІ-ҚОН РЕЖІМІН** қалыптастыру.

57-қадам. **ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУДА ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ BAR** стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту.

58-қадам. **ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОР** қалыптастыру үшін стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту.

59-қадам. **МОЙЫНДАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГОСЕРВИСТІК ШАРТТАР АРҚЫЛЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР TARTY.** Олардың негізгі міндеті: жеке шығындарын өтей отырып, энергия үнемдеу саласында көшенді қызмет көрсету үшін жеке-мәншік энергия сервистік компанияларды дамытуды ынталандыру және іс жүзінде энергетикалық шығындарды үнемдеуден қаржылай пайда табу.



60-қадам. **СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІН ДАМУЫ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР TARTY.** Негізгі міндет: үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті дамыту арқылы жаңазеландиялық Fronterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылды.






100 НАҚТЫ ҚАДАМ



III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

61-қадам.

ЕТ ӨНДІРІСІ МЕН ӨНДЕУДІ ДАМУҒА ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТARTY. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау.



62-қадам.


Экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің нақты көшбасшы компанияларын қолдауға бағытталған «ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР» БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. Бизнес-көшбасшыларды айқындау ноу-хау трансфері үшін біліктілік орталықтарын құру мүмкіндігін береді.

63-қадам.

ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЕКІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМУ. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕ «АСТАНА БИЗНЕС КАМПУСТА» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАР ОРНАЛАСТЫРЫЛАДЫ. Олар бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, оларды коммерцияландыруға қызмет етеді. Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар паркі жергілікті және шетелдік жоғары технологиялы компанияларды тартатын болады.

64-қадам.

ӨНДІРІСКЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ бар «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң әзірленеді. Ғылыми гранттар мен бағдарламалар құрылымдары индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының қажеттілігіне орай қайта бағытталады.



65-қадам.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАРҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛДЫҚ ДӘЛІЗ» МУЛЬТИМОДЕЛДІК КӨЛІК ДӘЛІЗІН ҚҰРУ жөніндегі жобаны іске қосу. Ол Азиядан Еуропаға жүктер транзитін кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Көлік дәлізі: бірінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына және одан әрі Еуропаға өтеді. Екінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі Каспий теңізі мен Әзербайжан, содан соң Грузия арқылы. Жобаға болашақта 2014 жылдың аяғында құрылған Азия инфра-құрылымдық инвестициялар банкі тарту.



66-қадам.

Халықаралық авиациялық хаб құру. Стратегиялық инвесторды тарту арқылы Алматы іргесінен ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢА ӘУЕЖАЙ салынатын болады.

67-қадам.

«ЭЙР АСТАНА» ӘУЕ ТАСЫМАЛДАУШЫ ЖӘНЕ «ҚТЖ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫН ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОПЕРАТОР РЕТІНДЕ ДАМУ. «Эйр Астана» халықаралық бағыттарға ыңғайластырылады және әлемнің негізгі қаржы орталықтарына (Нью-Йорк, Токио, Сингапур) жаңа бағыттар ашады. «Эйр Астананың» дамуы «ҚТЖ»-ның баламалы маршруттарды дамыту жөніндегі жоспарымен үйлестіріледі, бұл жүктерді жеткізу құнын екі еседен астам төмендетуге мүмкіндік береді.

68-қадам.

Қазақстан арқылы әуе транзитінің тартымдылығын арттыру үшін ӘУЕ ТАСЫМАЛЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТИІМДІЛІГІН жақсарту. Азаматтық авиация комитетінің қызметі британ азаматтық авиациясы мемлекеттік агенттігінің және ЕО авиация қауіпсіздігі агенттігінің үлгілеріне бағдарланатын болады.

69-қадам.

Астананы зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, барлық өңірлерден туристерді тартатын ЕУРАЗИЯНЫҢ ІСКЕРЛІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫРУ. Мұнымен бірге қалада әуежайдың жаңа терминалын қоса алғанда, қазіргі замандық халықаралық көліктік-логистикалық жүйе құрылады.

70-қадам.

ASTANA EXPO – 2017 инфрақұрылымдары арқауында АРНАУЛЫ МӘРТЕБЕ БЕРЕ ОТЫРЫП, АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН (AIFC) ҚҰРУ. Қаржы орталығының ерекше заңды мәртебесін Конституцияда бекіту. Орталықтың ТМД, сондай-ақ, Батыс және Орталық Азияның барлық өңірлерінің елдері үшін ҚАРЖЫ ХАБЫ ретінде қалыптастыру. ӨЗІНДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ, ол ағылшындық құқық қағидаттарымен қызмет істейтін болады. Судьялар корпусы шетелдік мамандардан құрылады. БОЛАШАҚТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ХАБЫ ӘЛЕМНІҢ 20 АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНУІ ТИІС.

71-қадам.

Қаржы орталығының даму стратегиясын КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ мамандығына сәйкес әзірлеу. Элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде private banking активтерді басқару саласындағы қызметтерді дамыту. Орталыққа либералды салық режимін енгізу. Офшорлық қаржылық орталық құрылуы мүмкін. Дубайдың үлгісі бойынша инвестициялық резиденттік қағидатын енгізу.

72-қадам.

Қаржы орталығы аумағында ресми тіл ретінде ағылшын тілін енгізу. Орталықтың дербес заңдылықтары АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАСАЛЫНУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ тиіс.



73-қадам.

Қаржы орталығының халықаралық көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қаржы орталығының ЖЕТЕКШІ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ жүйесін құру.

74-қадам.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРУДІң CRIRSCO ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының мәлдірлігі мен болжамдылығын арттыру.

75-қадам.

Пайдалы қазбалардың барлық түрлері үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУДЫҢ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ӘДІСІН енгізу.

76-қадам.

ЭЫДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ кезең-кезеңімен ЕНГІЗУ, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру.



77-қадам.

Экономиканың алты негізгі саласы үшін ОН АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ КОЛЛЕДЖ БЕН ОН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату.

78-қадам.

Назарбаев Университеті тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-ЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН кезең-кезеңімен кеңейту. Коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ларын халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау.

79-қадам.

Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – ДАЯРЛАНАТЫН КАДРЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ.

80-қадам.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ.

Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады.



81-қадам.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕДИЦИНАНЫ ДАМУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ. Бәсекелестік есебінен қызметтің қолжетімділігі мен сапасын көтеру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайындағы бастапқы медициналық әлеуметтік көмекті қаржыландыру – бәсеке есебінен медициналық ұйымдардың корпоративтік басқару қағидаттарына көшуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандыру, мемлекеттік емес ұйымдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін беруді кеңейту.

82-қадам.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚАСЫНАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ.

Басты мақсат: медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар әзірлеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сапаны және қолжетімділікті бақылау).



83-қадам.

Еңбек қатынастарын ырықтандыру. Жаңа ЕҢБЕК КОДЕКСІН әзірлеу.

84-қадам.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ОНЫҢ АТАУЛЫ СИПАТЫН КҮШЕЙТЕ ОТЫРЫП, ОҢТАЙЛАНДЫРУ.

Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады.



БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

IV. БІРТЕКТІЛІК ПЕН БІРЛІК

85-қадам. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасын әзірлеу.

86-қадам. **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ» КЕҢ КӨЛЕМДІ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады.

87-қадам. Азаматтық біртектілікті нығайтудың «**МЕНИҢ ЕЛИМ**» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, оның аясында технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылатын болады. Соның бірі – «**ҚАЗАҚСТАН ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ**» **КЕҢ КӨЛЕМДІ ИНТЕРНЕТ ЖОБАСЫН ҚҰРУ. МҮНДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ – ӘРБІР АЗАМАТҚА ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТУРИСКЕ ЕЛ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛУГЕ КӨМЕКТЕСУ.** Порталға Қазақстан бойынша 3D бейне турлары, елдің тарихы мен мәдениеті, қызықты оқиғалары және қарапайым қазақстандықтардың өмірі туралы ақпараттар орналастырылады. Портал бір есептен елдің «сапарнама карточкасына», ұлттық жол көрсетушісіне, қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасына және виртуалды хабарласу тұғырнамасына айналады.



88-қадам.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол «**НҰРЛЫ ЖОЛ**» инфрақұрылымдық даму, **ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ** екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, **ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ИДЕЯЛАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУГЕ**, индустрияландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.



89-қадам.

«**НҰРЛЫ БОЛАШАҚ**» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына **МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН** ЕНГІЗУ.

90-қадам.

Бес институттық реформаны, сондай-ақ, БАҚ-тағы, интернеттегі, бұқаралық ақпараттың жаңа буындарындағы, сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі қазақстандық біртектілік идеяларын жүзеге асыруды **АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТУ ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ.**



V. ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

91-қадам. Мониторингтің, бағалау мен бақылаудың стандартталған және ғайытлан ресімдері аясында **МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА КӨШУ.** Тәртіптік бақылау жүйесі тек қана мақсатты индикаторларға қол жеткізуді бақылауға негізделуі тиіс. **РЕСІМДІК СИПАТТАҒЫ БАРЛЫҚ ТАПСЫР-МАЛАР МЕН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАРАТЫЛАТЫН БОЛАДЫ.** Мемлекеттік органдарға олардың алдына қойылған мақсаттық индикаторларға қол жеткізу жөніндегі қызметінде дербестік беріледі.



92-қадам. **МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЫҚШАМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ.** Жекелеген салалық бағдарламалардың мемлекеттік бағдарламаларға интеграциялануымен **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР САНЫН ҚЫСҚАРТУ. САЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР**, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ** жойылады. **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР** мен аумақтық даму бағдарламасын негізгі мақсатты индикаторлар бөлігінде **ҚАЙТА ПІШІНДЕУ.**

93-қадам. **АУДИТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІН** енгізу. Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау үш жылда бір рет жүргізілетін болады. Мемлекеттік органдардың нәтижелілігін бағалау стратегиялық жоспарлар бойынша жылма-жыл жүзеге асырылады. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылдау. Есеп комитеті бірінші сыныпты әлемдік аудиторлық компаниялардың модельдері бойынша жұмыс істейтін болады және ағымдық операциялық бақылаудан кетеді.

94-қадам. «Ашық үкіметті» енгізу. **АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ӘЗІРЛЕУ**, ол мемлекеттік органдар иелігіндегі тек мемлекеттік құпия мен заңмен қорғалатын басқа да ақпараттардан өзге кез келген ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етеді.

95-қадам. Мемлекеттік органдар басшыларының халық алдында **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕНДІГІ** туралы жыл сайынғы ашық баяндамалар жасауларын және олардың есептерін ресми веб-сайттарда орналастыруды тәжірибеге енгізу. Ұлттық ЖОО-лар басшыларының өз қызметтері туралы оқушылар, жұмыс берушілер, қоғам өкілдері мен БАҚ алдында жылма-жыл есеп берулерін тәжірибеге енгізу.

96-қадам. **ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЗАЛАРЫ** мәліметтеріне **ОНЛАЙН-қолжетімділікті** қамтамасыз ету. Барлық бюджеттік және топтастырылған қаржылық есеп, сыртқы қаржы аудитінің нәтижелері, мемлекеттік саясат тиімділігін бағалау қорытындылары, мемлекеттік қызметтің сапасын қоғамдық бағалау нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп **ЖАРИЯЛАНАТЫН БОЛАДЫ.**

97-қадам.

Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы **АЗАМАТТАРДЫҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТУ. МЕМЛЕКЕТКЕ ТӘН ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА** және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру. Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі.



98-қадам.

Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде **ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІ** ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді.

99-қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ӘКІМДЕР ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ стратегиялық жоспарлар мен аумақтық даму бағдарламаларын; бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер жобаларын; бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау бөлігіндегі рөлдерін күшейту. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ** мен мәртебесін заңмен бекіту, мемлекеттік шешімдерді қабылдау ашықтығын арттыру.

100-қадам.

Канададағы Canada Service және Австралиядағы Centrelink үлгісі бойынша **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ ПРОВАЙДЕРІНЕ АЙНАЛАТЫН «АЗАМАТТАР ҮШІН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫН** құру. Мемлекеттік корпорация халыққа қызмет көрсететін барлық орталықтарды бір жүйеге интеграциялайды. Қазақстан азаматтары **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ БІР ЖЕРДЕН** алатын болады. Мемлекеттік қызметті **САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ISO 9000 СЕРИЯСЫНА СӘЙКЕС** халықаралық сертификаттау.



ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

• Ел Президенті жанынан жедел түрде құрамы отандық және шетелдік сарапшылардан тұратын, **БЕС ЖҰМЫС ТОБЫНАН** жасақталған жаңғырту жөніндегі **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРЫЛДЫ.**

• Ұлттық комиссия **БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМАНЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ОРЫНДАУДЫ КЕЛІСІЛГЕН БАСҚАРУ** бойынша жүзеге асыруы тиіс. Ол мемлекеттік органдардың, бизнес-сектор мен азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

• Ұлттық комиссия **ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАП, ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НАҚТЫ ЖОСПАРЫН АЙҚЫНДАУЫ** тиіс. Оның ұсыныстары ел Президенті тарапынан бекітілетін болады. Бекітілген шешімдерді орындау үшін жедел түрде **ПАРЛАМЕНТ ТАРАПЫНАН ЗАҢДАР, ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ҚАУЛЫЛАР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ.**

• Министрлер мен әкімдердің шешуші бастамаларын тиімді жүзеге асырулары **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ТАРАПЫНАН ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАТЫН** болады.

• Ұлттық комиссия жанынан **БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ҚАТАРЫНАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС** жасақтау қажет. Аталған кеңес ұсынымдар жасап, реформаларды орындау **НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ЖҮЙЕЛІ МОНИТОРИНГІН** жүзеге асыратын болады.

• Ұлттық комиссияның жұмыс органы етіп **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ КЕҢСЕСІН** айқындау қажет.

ТҮЛЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАПЕРДЕ БОЛАДЫ

— Осындай ретсіз думанды ұйымдастыратын тағы өзіміз ғой...
— Әрине, ата-ана бала көңіліне қарайды. Бұл сәтті ерекше етіп атап өткенді жөн санайды. Күннің шапағын қарсы аламыз деп су жағалауларына да барады. Қымбат көліктерді жалға алып, барышна думандағатай. Алайда автошеру кезінде түрлі жазатайым оқиғалар орын алуы мүмкін. Енді бір айдан кейін түлектердің сауық кеші өтеді. Бұл жағдайда біз барлық қызметкерлерді жұмылдырамыз.

полицияның қызметтік көліктеріне арнайы бейнетіркетіш құралдарын орната арқылы да қатаң бақыланатын болады. Бірақ «апат айтып келмейді» деген ғой. Сәтқытқа қорлық жоқ. Ең бастысы жауапкершілік мол болуы керек.
— Осы мәселеге орай ұсыныс, пікіріңіз бар ма?
— Бала — біздің болашағымыз. Сондықтан, бұл — үлкен жауапкершілік. Әрине, әркім де өз баласын ақтайды. Бұл барлық ата-анаға тән қасиет. Бірақ, бір сәт құқық қорғаушылардың да айтқанына құлақ салып, мәселеге байыппен қараған

жөн болар еді. Келенсіз жайттар болмас үшін қауіпсіздік шараларын жасауды ең алдымен ата-ана ойлағаны дұрыс. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кенінен насихатталса, әрбір тұрғынға ой салса, құба құп болар еді деп ойлаймын. Сол себепті қоғамдық тәртіпті сақтауға және жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң есте ұстауға түлектер және ата-аналар мен өзге де тиісті сала мамандарын бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

Сұхбаттасқан
Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

нап әлекііз. Орташа табысы бар отбасы үшін бұл артық шағылу. Мұғалімдерге қымбат сыйлық жасайтынымыз тағы бар. Қосымша пәндері ақылы түрде өтеді. Қызымның көңілі үшін қосымша пәндері ақылы түрде өтуіне келесімін деп қол қойып бердім. Сауық кеші мен автошеруге тыйым салып жатқанын қолдаймыз.

Жаңылған А.ДЖАМУРАТ,
ата-ана.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР БЕРІЛУДЕ

Түлектердің нағыз сыналар шағы жакындап қалды. Сондықтан жоғары сынып оқушыларымен барынша жұмыс жасап жатырмыз. Ата-аналармен тығыз байланыстамыз. Оқушы, ата-ана және оқитұсы арасында тренинг-семинар, кездесулер ұйымдастырып, түсіндірме шараларын жасаудамыз. Сондай-ақ, ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты, мінез-құлқын, көңіл-күйін де үнемі назарда ұстап, бақылаймыз. Және де оқушылардың депрессияға ұшырамауының алдын алудамыз. Тағы бір айта кетерлігі, түлектердің сауық кеші мен автошеру өткізудің еш тиімділігі жоқтығын түсіндіріп, тиісті жұмыстар атқарылууда.

Мұрат СМАЙЛОВ,
№136 мектеп-лицейінің психологы.

Әзірлеген
Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

АҚТЫҚ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Кеше Қызылордада белгілі мемлекет қайраткері, Сыр елінің асыл азаматы Сабыр Арыстанбаевты ақтық сапарға шығарып салу рәсімі өтті. Оған замандастары, үзегісілес достары, ағайын-туыстары және облыстығы су шаруашылығы саласының қызметкерлері қатысты.

Қаралы жиналда еңбек және соғыс ардагері, қоғам қайраткері Ыдырыз Қалиев және ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халық қайарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев сөз сөйлеп, Сабыр Шаймөденұлының елімізге, облысымызға сіңірген ерен еңбегі мен жажыр-қайратын

ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕНДЕР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛМАҚ

Әртүрлі себептерге байланысты қателікке ұрынған, темір тордың ар жағында тиісті жазасын өтеп шыққан азаматтардың қоғамдық өмірге бейімделіп кетуіне жағдай жасау — көп көңіл бөледі қажет ететін маңызды мәселе. Осы орайда, аймағымызда бұл бағыттағы шаралар лайықты деңгейде жүзеге асырылу- да. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы түзеу мекемелерінен босатылған адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша жұмыстар жүргізуде. Мәселен, оларды «Жұмыспен қамту — 2020 жол картасы» бағдарламасының негізінде жұмыспен қамту квотасы белгіленді. Нәтижесінде, квота бойынша аталмыш санаттағы 23 азамат қамтылып, оның ішінде 9 адамға бағдарламаның екінші бағыты аясында шағын несие беру жоспарлануда. Сонымен қатар, әлеуметтендіру және оналту мақсатында 2015-2017 жылдарға арналған Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Бұл Жол картасымен биыл облыс бойынша 51 адамды жұмыспен қамту, 33 адамды «Жұмыспен қамту — 2020 жол картасы» бағдарламасына қатыстыру және 2 адамды жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарына жіберу көзделуде. Кәсіптік оқу және қайта даярлау курстарына 2015 жылға 16 мамандық бойынша оқыту белгіленген. Даярлық курстан кейін жұмыспен қамтуға ықпал жасалады.

Бүгінде жазасын өтеп келген 12 адам квота бойынша тұрақты жұмысқа орналасса, 10 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, кәсіптік оқу және қайта даярлау курстарына 1 адам жоғдалауда. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер бойынша 3 адам — атаулы әлеуметтік көмек, 12 адам 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын және 6 адам тұрғын үй көмегін алуда.

Ағымдағы жылдың 12 ақпанында Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу жөнінде, яғни қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөнінде облыс әкімдігі

ТЕРРОРИЗМГЕ ТЕГЕУРІНДІ ТӨТЕП БЕРУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдесіндегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-3-бабына сәйкес меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының міндеттері қойылған.

Адамдар көп жиналатын объектілер: - сауда алаңы 500 және одан да көп шаршы метр болатын сауда объектілері; - 100 және одан да көп отыратын орны бар қоғамдық тамақтану объектілері; - көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған, бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар; - өздеріне жапсарлас ашық аумақты қоса алғанда, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де көпшілік ғимараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары; - туристерді орналастыру орындары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіме- тінің 2013 жылғы 28 тамыздағы №876 қаулысымен «Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі» бекітілген.

Осы тізбекте көрсетілген меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазым- ды адамдары террористік іс-әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектілердің тер-

роризмге қарсы қорғалуы және олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау мақсатында:

1) тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарактауды қамтамасыз ету; 2) үлгілік паспорттың негізінде — өздеріне сеніп тапсырылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу; 3) персоналды үй-жайларды қарап тексеру техникасына үйрету, жарғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу; 4) жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою бойынша мүдделі мекеметтік органдармен және ұйымдармен бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау мен пысықтау; 5) объектінің ақпараттық желілерін қорғауды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының аталған міндеттерді орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

жанындағы консультациялық-кеңесші органның кезекті оты- рысы өткізілді.

Үстіміздегі жылдың ақпан-наурыз айларында облыстық прокуратура, ОПД, ҚАЖ департаментімен бірге түзеу мекемелерінен босатылғандарды және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандарды жұмыспен қамтуда құзырлы мекеметтік жұмысын үйлестіруде бірлескен іс-шаралар жоспарлары қабылданып, тиісті жұмыстар да ұйымдастырылып отыр.

Сонымен қатар, облыс бойынша ҚАЖ департаменті басшылығының ұйымдастыруымен облыстық Кәсіпкерлер палатасының өкілдерін, облыс мекемелері басшыла- рын, консультациялық-кеңесші орган мүшелерін ЗК-169/5 мекемесінің өндіріс аймағымен таныстыру мақсатында көшпелі шара өткізілді. Ал Шиелі ауданындағы Тартағой қоныстандыру колониясында жылына 3,5 млн дана кірпіш шығаратын кірпіш зауытын ашу жоспарланып отыр. Аталған өндіріс орнында 75 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бо- лады деп күтілуде. Дегенмен де, жазасын өтеп, бостандыққа шыққан жандардың түйткілді мәселелері жетерлік. Бірінің денсаулығы болмаса, бірінің жеке куәлігі жарамсыз, енді бірі белгілі бір тұрғылықты жерде тіркеуде жоқ. Осы мәселелерді шешу мақсатында билығы жылы жазаларын өтеп келген азаматтарға облыс орталығынан «Оналту және әлеуметтік бейімдеу орталығы» ашу мүмкіндігін қарастырылуда.

Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің «Бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққандарды қайта әлеуметтендіру» жобасын биылғы жылы жалғастыруға жергілікті бюджеттен 6170,0 мың теңге бөлінуде.

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

● 21 МАМАЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Талғат МАҚАНОВ, облыстық филармония директоры:

СЫР МАҚАМЫНА ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЗОР

Сырдың жарын ел ше- карасынан асырып, дүние жүзіне танытып жүрген облыстық филармонияның мәдениет саласындағы оры- айрықша. Бұл өнер ордасын Ақмешіттің бренді деуге лайық. Осы орайда мекеме директо- ры Талғат Мақанов мырзамен сұхбаттасқан болатыбыз.

— Талғат Бақытбекұлы, биыл өскен бетін облыста бол- мақшн камералық оркестрі қолға алдыңдар. Классикалық өнердің осы саласы туралы кеңінен айтсаңыз?

— Филармония жұмысы тек қана жыраулық өнермен шектелмейді. Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, фольклорлық ансамбль жұмыс істейді. Дәл біздің филармонияның техникалық ба- засындай бәз кез келген облыста жоқ. Облыс әкімінің қолдауымен камералық оркестрді аштық. Жостан бар жасап, скрипкашы- ларды әр ауданнан алдырдық. Сырттан да шақыртудамыз. Сыр мектебінде классикалық музы- ка өнері қалыптасып келе жатыр. Оркестрі ламыту мақсатында Пе- тербург қаласынан ресейлік ма- мандарды шақырдық. Алматыдағы Өнер академиясынан ұстаздар келіп тәжірибелерімен бөлісіп, дәріс оқыды. Шіберлік сыныптарының арқасында камералық оркестріміз қаламын нығайтп келеді.

— Бытыр иешеділерімегіз Сыр мектебінің өнерін көрсетіңіздер. Биыл қандай жоспар бар?

— Быылдан бастап ісәсарп шығындарын өзіміз қамтама- сыз етудеміз. Ол үшін Санк-Пе- тербургтегі филармониямен өзара меморандумға қол қойсақ, енді ре- сульбика ішінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстық филармони- яларымен меморандум жасастық. Олар біздің, біз олардың жергілікті жерде концерттерін өткізуге мүрдылық боламыз. Сондай-ақ, Омбы мен Орынбор қалаларына баруды жоспарлап отырмыз. Ал бүгін-ертең өнерпаздарымыз Өзбекстанға жол жұрмек.

— Филармония ұжымы бір- ышамда өлеерді аралап шықты. Қай елдің ішпаты ерекше есте қалды?

— Сыр елі өнердің туын тіккен жер десек, әсте қателеспейміз. Қай елге барсақ та, біздің дәстүрлі өнерімізді құрметтеп, өнерпаздарымыздың аяқтарын жерге тигізбейді. Қарадомбыраның құдіреті күшті. Кез келгеннің сай-сүйегін сырқыратады. Ко- мейімен бүлкілдегіп, әртүрлі қайырымдарды, иірімдерді салғанда көрермен сүйткені тына қалады. Бытыр Өзбекстанның Шыршық деген жерінде концерт бердік. Сонда қандастарымыз, ақсақалдарымыз, ақ жаулықты ана- ларымыз көздеріне жас алып, ұлт өнерін сағынып қалғандықтарын жасыра алмады. Аспаптардың үнімен туған жерге бір барып келгенді болдық деп көңілдері бо- сады. Сыртқа шығып кетіп бара жатқанда тоқтапты қойып, дом- бырамызды қайта тартқызып, көңілдері көтеріліп қалды. Біз үшін халықтың ықыласынан артық құрмет жоқ. Түркиядағы қандастарымыздың да, Татарстан- дағы бауырларымыздың да ішпатылары ерекше.

— Түркітілдес өлеерге астарлы- ға баранда қандай ұқсастық пен ерекшелік байқадыңыз?

— «Түріксіз» халықаралық

ЖЕРЛЕС ҚАЛАМҒЕРДІҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫ

21 мамыр — Мәдениет және өнер қызметкерлері күні аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қоғам қайраткері, драматург, Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы ашылады.

Кітап, кітапхана туралы сөз қозғалса, құнды дүниелерді жинақтап, зер- делеп, көзінің қарашығындай сақтап келген ұлт зиялылары еске түседі. Кітап жинау, атадан балаға мирас етіп қалдыру дәстүрі осындай зиялы қауым өкілдерінен қалса керек. Өйткені кез келген қаламгер өз уіне түркі жұртына ортақ құнды шығармаларды да, араб қарпімен жазылған көне кітаптарды да жинағанын білеміз. Арпалысқа толы кым-қуыт уақыттарда да қазақ зия- лылары кітаптан бас тартқан емес. Кітапханаларда кездеспейтін кейбір сіре- тек туындылар да ұлт зиялыларының үйінде тұрды.

Өрбір қаламгердің жеке кітапханасы болғаны баршамызға белгілі. Көрнекті драматург, Қазақстанның халық жау- шысы Қалтай Мұхамеджановтың да кітапханасын ең бай кітапханалардың біріне жатқызады. Міне, сол мол мұра Сыр бойы оқырмандары үшін сыйға таратылып, жарты миллионға жуық бай қоры бар Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханадан жазушының жеке кітапханасы ашылды. Кітапхана — кітаптан басталды десек, мұндай тарту облыстық кітапхана ұжымы үшін баға

жетпес құнды дүние болды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоры 8 мыл данадан аса кітаппен толықты. Осы рухани азықтың шашпаын шығармай, жоғалтпай алып жеткізген Қалтай ағаның жары Фа- рида Бекжанқызы мен ұрпақтары Жәми- ла мен Алтай Мұхамеджановтар.

Қ.Мұхамеджанов кітапханасының қорында қазақ тілінде 1830, орыс тілінде 5767 кітап бар. Сонымен қатар кітапханада жазушының көп жыл- дар бойы пайдаланған жеке затта- ры — жазу үстелі, орындығы, жазу құралдары, ескеркіш жазулары бар кездесілімдері, портреті қойылды. Жазушының айтулы мерейтойлары- на жер-жерден келген ақ тілекке толы құттықтау хаттар да осы жерден орын алған. Қаламгер отбасының өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар, белгілі қайраткерлермен, оқырмандармен түскен фотосуреттерімен де танасуға болады. Құнды дүниелердің бірі — Елбасының жазушыға арнайы сыйға таратқан шапаны.

Алдағы уақытта білім іздеген, ғылым қуған пайдаланушылар іздегенін таба алатын, көркем дүниемен орын- дыта алатын тағы бір қасиетті орын ашылды деп айтуға толық негіз бар.

Н.МЫРЗАМУРАТОВА,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры.

● МЕРЕЙ

ҚАЗАЛЫДАҒЫ ЛЕВИТАН

Бүгінгі кейіпкеріміз, кенттік клубтың директоры Кенже-Әлі Асқарды ауыл арасы тіпті жыға та- нитын сырт жердегілер де осылай атайды.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы «Совет информбюросы- нан» деп басталатын әр дауыс ақ бұбының жадында берік сақтаулы. Жанына жігер қойып, намысшынды жанитын осынауа тұма- дарын Левитанның күндей күркіреген үні майданнан хабар күткен елдегілердің еңесін тіктеген екен. Бертін келе Өнарбек Байжанбаев көкеміздің таланттына бас ідік. Дәтке қуағы мұндай өнер ісесі арамызда әлі де бар. Оған Қазалыға келіп, мәдени шараға қатысқансыз көзіңіз толық жетеді. Сөзімінді баурайтын қуатты даусы киіктің асығындай ымыр, шактас тұңғалы азаматтан шықты десе, қайран қалмаңыз.

Өнер алды — қызыл тіл. Кенже-Әлі Асқардың сөйлеу мәнеріне жетіктігі, сөз байлығының молдығы, қосібіне беріл- гендігі қашанда шоқтығын өзгелерден асқактата түседі. Бұл — оған көпшіліктік берген бағасы. Оған қоса қазақы қалжыңды ретімен, шебер пайдалана біледі. Ел ішінде «Кенже-Әлі айтыпты» деген ұтырлы әзілдерді жиі естуге бола- ды. Өзі де аңшылыққа құмар ағамыздың күлкіге толы әңгімелерін тыңдағанда құлды «Аңшының әңгімесіндегі» кейіпкерлермен қауышқандай зересеніс.

Кенжекеңнің шыққан тегі Мак- сатбаевтар әулеті елге танымал, өскен- өнген жандар. Атының өзі айтып тұрғандай ағамыз көп ағайындылардың ең кенжесі. Алды жетпіс жасты алқымдаған бауырлар әлі күнге біре-бірінің сөзін жүре тыңдаған емес. Өздері де-өнерме сүйіп, ата-атаннан

үлкендерінің тапсырмасы оларға бұлжымас заң іспетті. Жас ұрпаққа үлгі тұтатын өнеге. Ең кереметі жақсы үрдіс жалғасын табу- да. Кеңекеңнің ағасы Нағашыбайдың балаларының осы уақытқа дейін іргелес ажыраған жоқ. Бірлігі жарасқан ұлдардың, атты келіннің аяқ-табағы салдырлап көрген емес. Өздері туып-өнген Лакалы ауылында түтін тұтетуіде.

Кенже-Әлімен бірге осы қарашына- рақтан дәм ауыз тигенім бар. Сол жолы қаймағы бұзылмаған қазақы тәрбиенің куәсі болдым. Амандық-саулық сұрасып, еркін жайғаса бастаған едік, бір топ қарадомалақ бала сау етіп бөлмеге енді. Әлдеқандай шаруамен жүрген мек- теп оқушылары, бір кластың шәкірттері шығар деп топшылаған едім. Қателеспін. Сөлемдескелі келген Нөкенінің немелерсі екен. Оларды алма-кезек бауырына басқан Кенже-Әлі алдын ала дайындап қойған үш- төрт қолдорбадағы (пакет) тәтті-дәмдіні та- ратып жатыр. Қауақы дағдысымен «Құдай көпінбесін. Бұларға базарлық әкелуге бір айлығыңды тұтас жұмсайсың. Шағын ауыл ғой. Максатбаевтар басқа жерге қоныс ау- дарса өзгені қайдам, мектепке қиын соғары хак. Ондай жағдайда тұтас бір сынып босап қалатын болар» деп ду құлдірді.

Кенжекең мықты әншілердің қа- тарындағы өнерпаз. Оның шырқата салған әсем әндері, дана Абайша жеткізсек, «құлақтан кіріп, бойды алады». Ауыл- да тұратын нағашым Кенже-Әлінің өлеңін тыңдағанда «мына баланың даусы киіт үйдің түндігін жепілдетеді екен» деп тамсанған еді.

Кенжекең жастайынан өнердің тұма бұлағынан сусындап жетілді. Олай деуімдізін себебі бар. Оның бауырла-

ры шетінен осы саланың майтал- мандары. Өзі мек- теп қабырғасынан көзге ілді. Қы- зылардадағы ме- дицина учили- шесінде оқып жүріп көркем- ө н е р п а з д а р үйірмесінің белді мүшесі атанды. Аудандық аурухана- да қызметте болғанмен өнерден қол үзбеді. Түрлі концерттік бағдарламаларды жүргізді. Ол орындаған әндер облыстық радионың Алтын қорына жазылды. КСРО Композиторлар одағының төрағасы Тихон Хренников қол қойған диплом, төсбелгімен марапатталды. Азын аяға білеген Кенес өкіметі тұсында мұндай марапат иеленудің салмағын көзіқаратырлар жақсы біледі. Та- быс мұнымен шектелген жоқ. Бүкілодақтық байқаудың жүлдесін жеңіп алды. «Қорық сазы» фольклорлық ансамблінің сусымделуімен әні «Қазақстан» ұлттық арнасының Алтын қорына тағы да жазыл- ды. Біршама жыл медицина саласында есепі еңбек етті. Өріптестері арасында абы- роилы болды. Өнерпаз жігітті басшыла- ры да бағалай білді. Дегенмен, қанға сіңген үрдістен алшақ кете алмады. Ақыры өзі жан-тәнімен берілген киелі өнер өлкесіне қайта оралды. Біржолата орнықты. Со- нан бері де сынапша жылжып жылдар өтті. Шәкіртсіз — ұстаз тұл. Қазіргі таңда Кенжекеңді көптеген өнерпаздар өзінің ұстазы сепсейді. Шың тәлімгерге мұнан асқан бақыт болар ма?!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● БАЙҚОҢЫР – 60!

Белгілі журналист
Олег Ахметовтің
Байқоңыр айлағы жайлы
“Ғарышқа ұмтылған
ауыл” атты туындысы
қолымызға тиді. Осыдан
тура 60 жыл бұрын
жасанды жер серігін
ғарышқа аттандырған
өңірдің өткені жайлы
кітап тарихи тың
деректерімен құнды.
Бүгін сол туындықдан
үзінді ұсынып отырмыз.

ҒАРЫШҚА ҰМТЫЛҒАН АУЫЛ

ТАРИХҚА ШОЛУ

Әлкисемізді, ғарыш айлағы ардагерлерінің айтқанынан бастайтын болсақ, «Байқоңыр» Жердің алғашқы жасады серігі мен тұңғыш ғарышкер – Юрий Гагарин мінген «Восток» кемесі ұшырылды да, осы екі оқиғаның ең адамзат тарихында алтын әріптермен жазылып қалатын оқиға болар еді. Оған қоса, бұл XX ғасырда қол жеткізілген бірден-бір жетістік.

Ғарыш айлағының ресми ашылуы 1955 жылдың 2 маусымы деп саналады. Алайда, әлемдегі ең ірі ғарыш айлағының тарихы бұл датадан жарты жыл бұрын басталды. Қыстан-көзі қыраудағы кеуштердің бірінде, дәлірек айтқанда, 1955 жылы 12 қаңтарда Төртатам теміржол бекетіне қорша қала Аралдан әскери құрылысшылардың алғашқы пети келді.

Құрылыс десантына қатысушылардың бірі сол күнді еске алғанда, көз алдындағы көрініс көңіл көншілікке емес кешікпін аттады. «Сүлкеттен өтетін ағар, тас қарағы, ол аздай деңдегі тіптікерлеретін итердің ұлымы жан-жақтан естіліп жатты». Ғарыш айлағының алғашқы құрылысшылары Төртатам разьенін, бірнеше үйіне орналастырылды. Бұл кездесу еліміз мекен тұрғындарына сәтті болды дегуге негіз бар. Өйткені, кейін құрылысшы-жауынгерлер жергілікті балаларды түрлі спорт ойындарына баулыды.

Бұрын дейін Қызылорда облысының шөлді аймағында волейбол мен баскетбол дегеніңіз не екенін ешкім білмейтін. Оған қоса, әскерлер үшін кино көрсетілетін. Өрне, оны жергілікті тұрғындары да тамашалау мүмкіндігі алды. Осы жерде айта кететін жайт, болашақ ғарыш айлағы орналасар жері екені аздау да туғызды.

Алғашында ғарыш кемелері Қрансовор аймағында немесе Солтүстік Қазақстан ұшырылады делінген екен.

Осылайша, ғарыш айлағының мекені таңдала бастады. Оның барысында 5 нәрсеге басымдық етілді. Алғашымен, ол жерде тұрғындар саны аз болуы керек. Эватордың жақындығы мен су және темір жол магистралдарының жақындығы да маңызды. Сондай-ақ, аға райының тиімділігі де ескерілді. Жоғарыда келтірілген талаптарға Қазақстанның Қызылорда облысындағы Төртатам разьені ғана сәйкес келді.

Міне, киелі мекенге құрылысшылардың аяқ басқанына да бір апта өтті. Төртатам станциясына таусымалығын бір техника, қосымша жұмыс күштері

жеткізіле бастады. Ал 1955 жылдың маусымынан бастап 135-нысаның құрылысы басталды. Кейін дүние жүзінде «Гагариндік ұшыру алаңы» деп танылған бұл алғашқы ұшу кешіні болды.

Осы тұста әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағының құрылысы жөнінде алып қашпа сөздер көп болды. Соның ішінде оны «сорталандар тұрғызы» деген лақап та таралды. Алайда бұл шыңдыққа жанаспайтын еді. Мұндай әңгіме нысанын құрылысы асыра болғандықтан шыққан. Сондықтан да оны тұрғызу тек әскерлерге сенім тапсырылды. Айтпақшы, аялқ құрылысы Кеңес Одағы үшін қымбат шыққан жоқ. Әскерлер ідемі үшін ғана тынымсыз еңбек етті. Са-лыстырмалы түрде алатын болсақ,



Бұл – Гагариндік ұшыру алаңының көрінісі. Ол 1955 жылы 12 қаңтарда Төртатам теміржол бекетіне қорша қала Аралдан әскери құрылысшылардың алғашқы пети келді.



Бұл – Гагариндік ұшыру алаңының көрінісі. Ол 1955 жылы 12 қаңтарда Төртатам теміржол бекетіне қорша қала Аралдан әскери құрылысшылардың алғашқы пети келді.

«Гагариндік ұшыру алаңы» аға ғана қаражатқа тұрғызылды. Ал, 1983 жылы орын алған зымыран жаралысының салдары жоюға қырар акция жүзасуға тура келді. Байқоңырдың негізгі ұшу кешінің мамандар 8 ай бойына жөндеу кестірін. Олар айнабай, бар құшпн салып 3 ауысында тер төгуге мүмкін болды. Кеңес үкіметі болса, бар шығынды өтеуге дайын еді. Ал №1 алаңын қайта жарамды етуге ағасымен оң құрылысшыға айына бір жарымнан 2 мың рубль төленіп отырды. Ол кезде 6-модельді «Жи-гули» автокөлігі ескі кеңес ақшасымен 5 жарым мың рубль тұратын.

Ғарыш айлағында ұшу алаңымен қатар, онда қоныс тепкілерге арна-лып қалашық көп көтере бастады. 1955 жылдың 5 мамырында Байқо-нырда аялқның әкімшілік орталы-ғының алғашқы ғимаратының тасы қаланды. Қазір ол тас ғарыш орынан жүзеген метр алыста жатыр. Қаланың бірінші тасы жол салуға кедергі келтір-ген болса керек. Ал тұрғызылған үйлердің барлығы ағаштан салынды. Осы күнге дейін құрылысшылар ауа-ның басталған қала ауданын, бай-қоңырлықтар «ағаш қалашығы» деп атайды.

Аламаз тарихындағы тұңғыш ғарыш айлағының тарихына Улы Отан соғысына қатысқан, өзендерде өткелдер мен басқа да инженерлік ойларын еске асыра білген жергілібелі құрылысшы-генерал Георгий Макси-мовтың қолы жайлы, осы күнге дейін қоныс бастамасымен берілгендігі айғиді «Репорт сабағы» деп аталған мемориалдық кешіні салыған сон оның ескі әлемге айғил болған.

Ғарыш айлағының құрылысы аса қиын болғандықтан, оның нақты ор-наласқан жері де жеті құлыптың ас-тында жатты. Сондықтан да болашақ аялқ Жезқазған облысындағы Байқо-ның атпен аталды. Бұл ауыл жер-жерде жайлы, өсеті, Айта дейін сақталып келеді. Осылай деп атайды баллистика мамандар баста-ғанын бүгінде екінші бірі биле бер-мейді. Өйткені, алғаш рет адам ға-рышқа аттанған кезде зымыранның қиын қиын жері айттылуы керек еді. Бұл қиынның қиыны болды. Өйткені №5 полигон КСРО-ның бас құпиясы саналатын. Сол кезде баллистикагерге ой келді. Олар Жерден зымыранын бірінші сатысының болыныс дейін перпендикуляр өткізді. Сызық шеті Байқоңыр ауылына келіп тірелді. Сол уақыттан планетадағы тұңғыш ғарыш айлағы осылай атануы кетті. Айта кететін тағы бір жайт, Америка қырама

Өрбір аса ауыр сәтсіздікті Сергей Королевтың өзі білкілі мамандармен бірге қадағалап отырды. Себебтері анықтауға тырысты. Өзгерістер еңгі-зіп, жөнделетін жерін жөндейтін. Ма-мандар «осылай зымыранды ұшуға үйрететінбіз» дейтін. Үйретті де. Р-7 зымыраны 11-8 жапа атаумен 1957 жылдың 21 тамызында сағат 18-ден 15 минут кеткенде қайта ұшы-рылды. Алғашында зымыран тасы-ғыш жұмысы сәтті болып көрінді. Белгіленген уақытта оның бас жағы ажыратылды. Алайда, басқа бөлігінің өзі Байқоңырдан 6 мың шақырымдық жерде құлауы жосарланғанымен, ат-мосферада жаналп кетті. Тек бір ап-тадан соң, Жерде оның қалдыстары табылған кезде ғана ТАСС хабарла-масында «ұшырылу сәтті болды» деп жарияланды. Алайда, жердің алғашқы жасады серігін ғарышқа ұшырмас бұрын зымыран тағы да сыналды. Осылай, 7-қыркүйекте Р-7 зымыран тасығышы тағы бір рет ұшырылды. Одан соң тұңғыш жасады жер серігін ұшыруға қолданылғы жұмыстары бас-талды.

Міне, көптен күткен сәт. 1957 жыл 4 қазан. Москва уақытымен 22 сағат

кейін, Айға сапар жасауға дайындық жұмыстарын бастап кетті.

Бұл мақсатта Р-7 зымыранның жанынан жетілдірілген үш сатылы зымыран тасығыш құрастырылды. Бұл зымыран аспан көгіне алғаш рет 1958 жылдың 23 қыркүйегінде көге-рілмек болды. Бірақ, оған дейінгі мүмкіндіктер сәтсіз аяқталды. Бұл мамандарды әбігерге салды. Үшүлдің 92 секундында зымыран бар бүйі-ріндегі қозғалтқыштан айырылып, аспанда шар айналды да қалды. Нә-тижесінде, ұшырылған жерінен алыс-қа бармай жерге құлады. Оның сал-дарынан зымыран құрастыру-сынауға арналған ғимарат зақымдалды. Айы-р болғанда барлық адам дін аман.

Келесі ұшырмалар да сәтсіз болды. 12 қазанда зымыран 100 секундтан кейін жарылып кетті, ал 4 желтоқсанда одан ұзақтау ұшып, 245 секундта қоз-ғалтқыш істен шықты. Тағы да сәт-сіздік. Бұл жерде, алғашқы Р-7 зы-мырандарын сынаудығы жағдай қай-таланды десек қателеспейміз. Тек 4 де-генде ойлары жүзеге асты. Алайда тек 1959 жылдың 2 қаңтарында ғана «Луна-3» ғарыш аппараты тұңғыш планета аралық стансыс ретінде танылды. Ол жер спутнигі Айдан 6 мың шақырымдық қашықтықта ұшып өтті. Ал, сол жылы 12 ш қыркүйекте ұшырылған «Луна-2» аппараты ТАСС агенттігі хабарлағандай айға қонып, КСРО жауауын орнатты. Шынына келгенде, «Луна-2» айға қоны кезінде құл талқан болған. Өйткені, жұмсақ қонған зымыран ағаштың дей-жүргетін, кешес комсомонаткасының терістегін шет елдерінің іскерлері ба-ғалап үлгерді. Тіпті, шамамен шарбағы дайындалыпты бір француз өндірісшіс айдың терісіндегі сүрекке түсуінен өт-кен бір жасік қолжықшылық шампан берілетінін жария етті. 2 жылдан соң «Луна-3», айға дүге-шүгесіне дейін сүрекке түсірді. Француз азаматы үе-десінде тұрған, Сергей Павлович Ко-ролевке 1 жасік шампан жөнелетін. Оның бөтелкелері осы күнге дейін сақтаулы.

Сол мезетте, 60 жылдардың орта шеңінде Кеңес Одағында алдыңғы Айға ұшу бағытталысы дамыла баста-ды. Оның барысында С.Королевтың бас-шылығымен 11-1 - 11-3 бірнеше ғарыш кемесі жасап шығарылған.

Бұл кемелер үшін Сергей Коро-левтің құрастыру боросы және Н-1 зымыран тасығышын дайындады. Оның мақсаты ғарыш кемесін айға апарып, Жерге қайтару. Өкінішке қарай, барлығы ойдағыдай болмады. Зымыранды ұшыру қиынға соқты. Оның түпкіткілі мәселесі 32 қозғалт-қыштан тұратын бірінші сатысының сапасының төмендігі болды. Құрасты-рушылар қалай талпына да, барлығын бірік бір мезетте қозғалта алмады. Нәтижесінде, Н-1 4 мәрте ұшырылды. Жарылы да, құлады да. Н-1 адамзатты ғарыш жертеіндеме жана сағыға көте-руге септігін тигізетін болып есеп-телмейін, зымыран тасығышын қы-метсіз бағдарлама тоқтатылды. Ал қозғалтқыштардың жұмысын қара-пай көз көз компьютерлері реттестіріп кезде ойлар еді. Бірақ, өкінішке қарай, ол бұлар аңдай құрыл кемесі оң ойлап табылған жоқ еді.

Өз кезегінде америкалықтар та айға саяхат жасау жолын ойластырып жатты. Сондықтан да, ғарышқа бірін-ші болып аяқ басуға Кеңес Одағы бас қарсыласын күші жеті ғана емес, басып отуы керек болды. Осы орайда, Айға 1967 жылы «Прото-н» зымыран тасығышымен 11-1 жарыс-кеме айналып оту керек еді. Ол үшін Байқоңыр айлағының 81 аясында бірден екі зымыран шығару қонды-рығысы құрастырылды. 1967 жылы ғарыштағы бағдарламаларды орын-дауда «Прото» қолданылды.

(Басы. Жағасы бар).

АЙҒА БІРІНШІ КІМ ҚОНАДЫ?

Ғарыш кемелерінің аспана жіберілуі басқа планеталарды зерттеуге мүмкіндік берді. Ғалымдардың қызығушылығы, әрине, жерге жа-қы – Ай тудырады. Сондықтан да, Королевтың құрастыру боросы Бай-қоңырдан ұшырылған спутниктерден

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 24 сәуірінің №934 нұсқасы
Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тілге түздіріліні 18.05.2015 жылы № 4983 тіркелген

Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша заңды тұлғаны аяққындау туралы

«Концессиялық туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 17 маусымындағы Заңының 1-бабының 1-жолындағы сөздерін «Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша заңды тұлға ретінде аяққындау» деп түсіндіріледі.

Осы заңның орындалуына бағылау Қызылорда облысы әкімінің

Қызылорда облысының әкімі

К. Коңирбаев.

«2015 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы №864 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 1-бабының 1-жолындағы сөздерін «Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша заңды тұлға ретінде аяққындау» деп түсіндіріледі.

Осы заңның орындалуына бағылау Қызылорда облысы әкімінің

Қызылорда облысының әкімі

К. Коңирбаев.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Егер Сіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болсаңыз, құқығыңыз тапталса немесе уақытша паналауды қажет ететін болсаңыз, діни ағымдардан зардап шегіп жүрсеңіз, өміріңізде бір мәселені шешімін қабылдауға қиналып жүрсеңіз, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық немесе қажет етілсе, онда «Азаматтардың және адамның құқықтары мен бостандықтарына қарсы басқа да қылмыс-тардың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған «Қамқорлық» дағдарыс орталығына хабар-ласыңыз!

Орталықта заңгер, психолог маманның көмегін алудан қатар оналту-бейімделу жұмыстары жүргізіледі.

Орталықта уақытша бейімделетін тұрғындар ыстық тамақпен және жатын орымен ақысыз негізде қамтамасыз етіледі.

Біздің қызметтер облыс тұрғындары үшін тегін көрсетіледі.

«Қамқорлық» дағдарыс орталығының мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі №90 үй.

Орталықтың «Сенім» телефондары: 8 (7242) 23-02-59. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма күндері, сағат 09.00-19.00. Электронды пошта: samruk87@rambler.ru

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ АҒА

Алматы қаласындағы Алматы ауыл шаруашылығы институтын и ж е н е р - и д р о т е х н и к мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы Қызылорда гидротехникумында мұғалым қызметінен бастап, кейін аталған оқу орнында оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1961-1966 жылдар аралығында «Қазгидрострой» тресінде болшыс бастығы, жолаулау тобының инженері, «Гипроирис» ОАҚ-тың су шаруашылығы министрлігінің жолаулау ізденіс экспедициясының инженері қызметінде болды. 1967-1991 жылдары облыстық су шаруашылық мекемесінің инженері, бастығы қызметтерін абыроймен атқарған. Осы жылдар аралығында облыстың су шаруашылығы жетілдіріліп, жүйені пайдалану тиімділігі артты. Әсіресе, Сырдың төменгі ағысындағы тұзды шөл жерлерді

ҚАНБАЕВ АБЗАЛ БОЛАТҰЛЫ

Сыр елінің перзенті, жасанды жарқыраған аяулы азамат Абзал Болатұлы Қанбаев бар-жоғы 26 жасынан енді ғана асқан шағында мезгілсіз өмірден озды. Абзал Болатұлы 1989 жылы 24 наурызда Қызылорда об-лысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінде дүниеге келген еді. 2011 жылғы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық казак-түрік университетін «есеп және аудит» мамандығы бой-ынша бітіріп шықты. Еңбек жолын 2008 жылы туған жері Жалағаш ауданында «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің үйлестірушісі қызметінен бастап, өзінің біліктілігімен сол бірлестіктің төрағасы қызметіне дейін көтерілді. 2011 жылдан бастап Жалағаш аудандық ішкі саясат бөліміне жетекші маман болып келген білікті жас, арада екі жыл өткеннен кейін

ЕСКЕ АЛУ

25-і мамырдың Туған күнін тойланатын күн еді Бауырым, сені сағымдм Жыл болды бізбен жүрмедің. Осыдан бір жыл бұрын алып бәйтеректің жайқала өскен жеті жапырағының бірі мезгілсіз үзіліп түскен еді. Мамырдың 25-і күні 27 жасқа толды да, 28-мамырда күс болып ортамыздан ұшып кетті. Бауырдың орны бір бөлек екен. Қуанышбаева Жаркынай Кеңжебайқызы 1987 жылдың 25 мамырында Қарағанды аумағында дүниеге келген. Жаркынайдың жайында, тез тіл табыса кететін мінезін ауыл адамдары тәтті болатын еді. Ол болашақта ғылық еді, арман-мақсаттары да өзі ашып-жұмғанын бір жыл уақыт та зымыран өтті. Жан бауырым, Жаркынайдың жатын жері жайлы, топырағын торқа, иманын жолдас орын жапайтын төрінде болай. Осы жылдың 29 мамыр күні қонақасын, 30 мамырда жылдық асы берілетін барлық ағайын-туыс, құда-жекежат, тілеулес жандарды бауырымыз Жаркынай Кеңжебайқызының рухына арналып оқылатын қасиетті құранның ішінде болуға шақырмыз.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауының ауылдық округ көлемінде өз деңгейінде насихатталуын және облыстық, аудандық ақпараттық насихат тобымен жұмыстарды ұйымдастыру.

Ауылдық округ әкімі аппаратының функционалдық міндетіне жататын өзге де тапсырмаларды орындау, жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары кәсіптік білімі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда топтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәлан-дырғылар көшірмелері;
- 4) еңбек қызыметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министр-лігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітіл-ген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижесмен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурсу комис-сиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақ-тың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шебер-лігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшір-мелері, міннездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияла-нымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сапатайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көр-сетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімесуе басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімесуесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120400, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №60 үй, 8 кабинетте қабылданады.

Әңгімесуеге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде



АУЫЛДАҒЫ АНСАМБЛЬ

Өнердің өлке де, өріс те таңдамай, таланты мен еңбегін серік еткен талапшыл, бейнеткеш жандарға қонатындығы Оразғали мен Гауһарды көргенде еріксіз есіме түседі. Жалпы, өмірдің биік баспалдағы мақсатын алға ұстап, сол жолда талмай еңбек еткендерге ғана ашылатындығы айқын.

Орталықтан алыстағы шалғайдағы елді мекен тұрғындарына мына нарық заманының атқан оқтай, шапқан аттай зымyraғan уақыты жалын кештеу сипататынына илансақ та, сонау Жаңақорғанның Келінтөбе ауылында жүріп, үлкен өнерге өзіңдік үлесін қосып жүрген, жоғарыда өзіміз тілге тиек еткен отбасының жетістігіне сөзсіз қуанамыз. Бидашевтар отбасылық ансамблі бұл манға кеңінен таныс, танымал және де зор беделге ие. Өйткені, аудан көлеміндегі әр үйдің қуанышы мен шаттығы бұларға да ортақ секілді, той-жиыны мен мерекесі оларсыз өтуі сирек. Барлық нәрсе тапшылық кездерде де қазекке той жасау мен қызықшылық өткізуден кенде қалмады, қарызданып, қауғаланса да, ағайын-туыстың басын қосып бір думандыта қанға сінген әдет те шығар, балкім. Сол ортадан Оразғали мен Гауһар табылатын-



скілді, мереке тарқағанша тартынбай жағдай жасайтындығы ұмытылған жоқ. Осындай думаның арасында Оразғали көңілін тербеткен әндерін жазып, түрлі байқауларға да үздіксіз қатысып жүрді. Онда олқасыз емес, талай аламанның бірінші жүлдесін қанжығасына байлап келіп жүрді. Оқырмандарымызға кеңірек мәлімет беру үшін бәрін тарата баяндайлықшы: Бидашевтар отбасылық ансамблі, 1989 жылы Жаңақорған аудандық мәдениет үйіне қарасты Келінтөбе ауылдық клуб үйінде құрылды. Ансамбль жетекшісі – Оразғали Бидашев, Жоғары білімді музыкант. Шымкенттегі халықаралық универ-

ситеттің «музыкалық білім» факультетін бітірген. 2002 жылы «Асқаралы» баспасынан «Жүрек толғауы» атты ән-жыр жинағы жарық көрген. Клуб үйінде сүйемелдеуші қызметін атқарады. Ал зайыбы Гауһар Бидашева осы аты аталған клуб үйінің меңгерушісі әрі ансамбль

лауреаты. Қазіргі таңда Алматы қаласында Ж.Елебеков атындағы эстрада және цирк колледжінің эстрада-вокал факультетінің соңғы курсында оқиды. Биылғы жылдың басынан бері белгілі продюсер Баян Есентаеваның «КешYOU» тобына әнші болып қабылданды.

Ансамбль жетекшісі О.Бидашевтің өнер өлкесіне танылып, көп құрметіне бөленіп жүргеніне де отыз жылдай болды. Ол 1980 жылдары Түркістан қаласында «Яссы» вокалды-аспапты ансамблі ұйымдастырса, «Пульс» кыздар ансамблі, №93 КТУ-де ұлттық ансамблі құрып, облыс деңгейінде жүлделі орындарды иеленіп жүрді. Өнер жолындағы жетістіктері бірталай, 1998 жылы Қызылорда қаласында өткен облыстық эстрада-лық V «Таншолпан» телевизиялық байқауының «Үздік аранжировщик» номинациясы бойынша III орын мен лауреат атағын алғаннан бастап талай биіктіктерді бағындырды.

«Бидашевтар» халықтық отбасылық ансамблінің бытырғы жылы Қызылорда қаласында өткен «Мерейлі отбасы» атты отбасылық фестивалінде керемет концерттік бағдарлама дайындағандығы жұртшылық есінде. Өнерімен танылған әулет быыл да «Мерейлі отбасы» байқауына қатысуға бел булып отыр.

– Өнердегі және өмірдегі жетістіктеріміз еліміздегі бейбітшіліктің арқасы. Ұлттар мен ұлсыздардың татулығы, әр адамның қабілетіне қарай еңбек етуіне ашылған жол мен қолдаудың нәтижесі деп түсінемін. Сондықтан да жамағаттың көңілін серпілтер өз өнерімізді дамыта береміз, – дейді біздің кейіпкерлеріміз.


Нұрмахан Е.ЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы,
Келінтөбе ауылы.

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

“ОНЫҢ ЕСІМІН ЕСТІГІМ КЕЛМЕЙДІ”

Бала дейміз, олар ештенені ойламайды, сөздің байыбына бара бермейді деп сенеміз. Анығы, өзімізді соған сендіреміз. Ып еткен сезім жетегіндегі жігіт пен қыз ертеңгі күнін, болашағын бір сәттік қызыққа қияды. Соның нәтижесінде баға алмасын деп құлап, масқара болсын деп қызға берілетін күнәсіз сәби өмірге келеді. Қыздары он жақта отырып, өмірге әкелген баладан әр ата-ана әртүрлі жолмен құтылығы келеді. Бірі сөбілер үйіне өткізсе, екіншісі әлдекімнің бауырына салады, енді бірі көшеге тастап кетеді. Ілеуде құдалан бір, обалынан екі қорыққан жандар осек-өзге көз жұма қарап, баланы өз бағуына алады. Біздің әңгімемізге арқау болған Дәурен де нағашы ата-әжесінің бауырында өсіп келе жатқан тірі жетім. Некесіз келген баланы өз аттарына жаздырып алуға құлықты болған әке-шешесіне дест бермеген Ұлжан әлдеқашан өзге жаның етегінен ұстап кеткен. Баласын бауырына алуға күйеуі қарсы. Ал үлкен шапырақта отырған ұл мен келінге, олардан туған балаларға Дәурен бауыры емес, қаймаңа қазақ, тастанды бала. Тіпті атасының өзі өскен сайын мінез-құлқымен, бой-сойымен тастап кеткен әкесімағына тартып бара жатқан жиегіне жирене қарайды. Пайғамбар жасына жетсе де ашы сумен аралас-құралас жүретін ата ішкен кезіндеме көрінетін жиегінен алады. Содан болар Дәурен үйде әжесі болмаса отбасымен бірге дастарқан басына еркін отыра алмайды, көңілі қалағанына кол созып, тойғанғашы ішіп-жегі алмайды. Бірде ашы судан ұрттап алған атасы әдеттегідей дастарқанға жасқана басып жакындаған жиегін болмашыны сылтауратып, көкірегінен түйіп қалды. Жерге құлаған баланы боктық сөзбен сыбай жүріп, екі-үш рет теуіп те жіберді. Аршалалған баласы мен келінді де біраз жерге апарды. Атасынан таяқ жең ішқұса болып отырған Дәурен әжесі келгенде ішіндегі бар мұңын өксі отырып сыртқа шығарды.

– Мені бұл үйде ешкім де жақсы көрмейді, – делі ол. – Ағам балалары бірденені бүлдірсе, оны менен көреді, жиегімен өз балаларына тәттіні менен жасырып береді, шай қыпылған кесені сілкініп ұсынады. Ата ішіп алса, мені ұрады. Тәтеміні (анасы) менімен шаруасы жоқ, сыныпта кітап-қаламы, жақетті құралдары, спорт киімі жетпейтін мен ғана. Баға алмайтыны бар, несіне туған мені. Оның тастап кеткеніне мен кінәлімін бе? Өкесінің аттың айтқысы жоқ. Ол туралы әңгіме қозғала қалса, қабағы қарс түйіледі. Кішкентай кезінде әжесі туралы көп сұраптын, білгісі келіп тұрушы еді. Бірде жиегінің әжесі жайлы сауалына күйіп кеткен әжесі “ол адам емес, мейірімі жоқ шошқа, енді сұрма” деп бір-ақ



кескен. Содан кейін әжесі туралы жақ ашпайтын болды. Мектептегі жағдай әлгіндей.

Кей жандар “заман өзгерді, оның ілгері жылжыған ағымы адамдардың ойы мен түсінігін, талабы мен талғамын, адами болмысын өзгертті” дейді. Кінәратты басқадан, кінәні өзгенде іздеп тұратын әдегіміз емес пе? Ойлап қарасақ, заман емес адамның өзі, оның пилғыты екен өзгерген. Әйтпесе, көп жандар біреулің бір нәресін іліп кетуге, алдап-арбауға, жок жерден пайда көруге, ұрып-соғуға бейім тұрмас еді ғой. Сосын бүгін танысқан қызын ертен төсекке сүйрейтін қазіргі заманның екі жастары әжілік парыз, обал-сауап дегеннен жүрдай. Өздеріңкің де әжісі мен қарындасы барын есепке алғысы жоқ. Сонымен қатар олар бұл дүниеде жасаған қиянатының күндердің күні өз алдынан шығатынын, мың асқанға бір тосқан болатынын мүлде еске алмайды. Өйткені, олардың ойынша, өздеріне бәрі жарасымды, қалай бүлдірсе де ұсталмайды. Арқа сүйейтін, басың қызметтегі әжесі мен шешесінің өзін заң алдында кінәлі болса да суырпы алар қауқары бар. Қыз бәріне де өз еркімен барды, өзінен көрсін, бұл оған басын қатырмайды. Ал некесіз туған бала, оның болашағы жайында тіпті ойламайды да.

Жасынан белектеудің сан түрін көрген бала бар мұңы мен қайғысын ішке бүгіп, булығып өседі. Өз ойын еркін білдіріп, қарсылығын жария ете алмайды. Кекшілдігі басым, ұрысқа бейім, көпшілікті жақтыра қоймайтын жан болып ержетеді. Тәрбиесі жақсы болып, өз өзін қолға алса, бар зейінін білім алуға жұмсаға игі. Ал өзінен өзгенің бәрін кінәлі санап, кек қайтаруға, өзінің көрген теперішін өзгеге көрсетуіге бейім тұрса не? Оның келешегі қандай болмақ?! Айналасындағы туыстары басқан ізін, айтқан сөзінен кінәрат іздеп тұратын, қит етсе ең жақынынан таяқ жейтін Дәуреннің болашағы жарқын болады дегенге үміттен көрі күдік басам. Көз жасын жұтып, булығып өсіп келе жатқан балаға ет жакындарының туыстық мейірімі мен шынайы сезімі, қамқорлығы қажет. Олай болмайынша, тағы бір тоңмойын жанның ержетуіне, оның өзгеге күш көрсетуіне мүмкіндік туады. Ойланайық, ағайын!

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

«Қанатты қалам-2015» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ереже
1. «Қанатты қалам - 2015» байқауы облыстық деңгейде ұйымдастырылады.
2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы.
Байқаудың мақсаты
3. Облыстағы журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.
4. Облыстың оң имиджін ақпараттандыруға үлес қосу.

Байқаудың тақырыбы
5. «Қанатты қалам - 2015» байқауы.
Байқауда қамтылатын номинациялар
6. - «Үздік сюжет»;
- «Үздік бейнеролик» (матін болу міндетті емес, әуенмен көрікті жерлердің бейнесін көрсетуіге де болады);
- «Үздік очерк»;
- «Үздік сарапшы» (телеарна);
- «Үздік сарапшы» (газет);
- «Үздік фоторепортаж»;
- «Үздік әмбебап тілші»;
- «Үздік телеоператор»;
- «Үздік телережиссер»;
- «Үздік насихатшы»;
- «Үздік журналистік зерттеу»;
- «Сәтті бастама» (жас журналист);
- «Үздік жоба» (Жақсы танылған айдар, бағдарлама, мақала жиынтығы болуы мүмкін);
- «Үздік тележүргізуші»;
- «Үздік аудандық газет»;
- «Үздік дизайн» (жақсы дизайнмен шығатын газеттер);
- «Үздік монтажер»;
- «Қамкор журналист» (сюжет немесе мақаласына кейіпкер қылған адамның ***

мәселесінің шешілуі);
- «Заманауи журналист» (соңғы технологияны жетік меңгеріп, оны үздік насихаттап жүрген журналист);
- «Жаңалық жаршысы» (жылдам ақпарат таратушы).

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар
7. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы жанынан Ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы бекітеді.
8. Байқау 2015 жылғы 15 қаңтар мен 15 маусым аралығында жарық көрген жарияланымдарды, эфирден өткен хабарларды қамтиды.
9. Байқау материалдары жарияланған күйінде (газет-журналдар беттерінде, бейне және аудиотаспалар түрінде) тиісті баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.

10. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнының ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдіс, соны стилді қолданасқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, журналистік шығармашылық әдістерінің ерекшелігі, тың ақпаратты сараптау мен зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.
Байқау материалдарында Елбасының биылғы Жолдауы, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында облыста атқарылып жатқан жұмыстар, жалпы айма-

ғымыздың оң имиджін қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар, идеялар қамтылуы тиіс.
11. Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комитетіне (Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі, нөмірсіз, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының № 313-бөлмесі, байланыс телефондары: 60-53-21) мынадай құжаттарды қоса жібереді:

1) төмендегі деректер көрсетілген өтініш: - автор туралы мағлұматтар /туған жері, күні, айы, жылы, ұлты/; - жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары;
2) байқау материалы жарияланған газет, журналдың көшірмелері (сканер арқылы), теле-радио бағдарламалардың DVD, CD форматындағы дискілерге жазылған нұсқасы (қағазға түсірілген нұсқасымен бірге).
12. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.
13. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының құрамы Ұйымдастыру комитетімен анықталады.

Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі
14. Байқау үш кезеңнен тұрады:
1) 2015 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін – байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;
2) 2015 жылғы 16 маусымнан 20 маусымға дейін – материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;
3) Байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі «Қанатты қалам – 2015» журналистер форумында өтеді.
15. Байқау жеңімпаздары Қызылорда облысы әкімдігі тарапынан дипломмен, арнайы сыйлықтармен марапатталады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Байтөреева Ботагөз Меңдалықызының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі Омар Шорақұлы атындағы №30 қазақ орта мектебін 16.06.1999 жылы бітірген жөнінде берілген МОБ №0347762 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Тілеубаев Әділет Айтлыбайұлының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Томенарық ауылдағы №53 А.Д.Романов атындағы орта мектепті 20.06.2011 жылы бітірген жөнінде берілген ЖОБ 0143353 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Базарбай Жауір Есентайқызының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы №163 орта мектептің 9 сыныбын 26.06.2011 жылы бітірген жөнінде берілген №0465949 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Токпанбетова Рита Дилдахметовнаның атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Жетікөл ауылы, Рахменше көшесі №8 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-023-166, №0109044), келісім-шарт (жылжымайтын мүлкігі сатып

алу-сату туралы) №3009 20.07.2013 жыл, анықтамa (№4273 19.07.2013 ж.), құрылысы біткен нысанды қабылдау актісі (№6/Н 09.08.2013 ж.), техникалық паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Налибаев Данияр Жумабековичтің атына берілген қызметтік куәлігі (№К3 06584, фирмалық бланк №004845) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Кузембаев Бакбергеннің атына Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 396 а кварталдың №7 бөлшегіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-023-048, №0080384 05.08.2002 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ақмырзаев Арысбайдың атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы, Бейбітшілік көшесі 30 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-010-042, №0033652), техникалық паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқару Дирекциясы» қоғамдық қоры және Қызылорда қаласындағы филиалының ұжымы «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалының директоры Арыстанбаев Болат Сабырұлына әкесі

Сабыр Шаймерденұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқару Дирекциясы» қоғамдық қоры және Қызылорда қаласындағы филиалының ұжымы «Барсақалмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Әлімбетова Зәуреш Жансұлтанқызына әкесі

Жансұлтан Ыбасарұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы ұжымы «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының директоры Арыстанбаев Болат Сабырұлына әкесі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гідротехнігі

Арыстанбаев Сабыр Шаймерденұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының «Жанақорғансушар» өндірістік учаске ұжымы филиал басыншы Арыстанбаев Болат Сабырұлына әкесі

Арыстанбаев Сабыр Шаймерденұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ұжымы «Барсақалмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Әлімбетова Зәуреш Жансұлтанқызына әкесі

Жансұлтан Ыбасарұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының ұжымы жастар көшбасшысы

Қанбаев Абзал Болатұлының мезгілісіз қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ДОНОР БОЛУ – САУАПТЫ ІС

Облыстық қан орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Донор болу – сауапты іс» акциясы өтті.

Облыс орталығындағы «С Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі» ұжымымен бірлесіп өткізілген шараның мақсаты қанға мұқтаж науқастардың өмірін сақтап қалуға ықпал ету болып табылады. Мамандардың мәлімдеуінше, бүгінде облыста түрлі қауіпті аурулар, яғни, қатерлі ісік, гинекологиялық аурулары, бала босану және түрлі апат жағдайларында қан кету салдары жоғары. Сол себепті мекемелерде көпшілік жағдайда қан алу, тұрғындарды донорлыққа шақыру мақсатындағы іс-шаралар өткізу жолға қойылған. Дәрігерлер донор болу адам денсаулығына зиян келтірмейтінін, керісінше, организмге жағымды әрі пайдалы екенін айтады.

Акция барысында аталған оқу орнының 30-ға жуық қызметкері өз еркімен келіп қан тапсырып, сауапты істе белсенділік танытты.

Барлық Б.БАТЫР.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қаблдау бөлмесі
телефакс

70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қаблдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың
орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

бөлімдер:

руханиет және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнамa - 70-00-49, 70-00-52
есеп-нұсқа - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмбаек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиегі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboy.kz

Газет аттестаты 3 рет, сәйкесін, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12953-7, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
“Сапа менеджменті жүйесі”
талтаптарына сәйкес сертифициланған.

Авторларға қатынасы телерисы бойынша төленеді, қолжазба өңделмей және қайтарылмайды. Жарияландыра газеттің түпнұсқасын қайтаруға болмайды. *АҚ шығыс қымбат.

Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС-е баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Қапашта” - 23-54-51, “Еразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 22754

Тапсырыс № **493**

Электронды оқылм 28000.